



@ILE_AKIMAT
@ILE_TANY



№4 (5114)

Алматы және Жетісу облыстық қоғамдық-саяси апталық


24

қаңтар (жұма)
января (пятница)

2025 жыл
год

Алматинская-Жетісуская областная общественно-политический еженедельник

АУДАН ӘКІМІ ҚАЙЫРЖАН ЖАҚСЫМБЕТОВ АУҒАН СОҒЫСЫ АРДАГЕРЛЕРІМЕН КЕЗДЕСТІ



Іле ауданының әкімі Қайыржан Жақсымбетов ауған соғысы ардагерлерімен арнайы кездесу өткізіп, маңызды әлеуметтік және қоғамдық мәселелерді талқылады. Кездесу барысында аудан басшысы ардагерлердің қоғамдағы рөлін, жастар тәрбиесіндегі орны мен олардың қоғам өміріне белсене араласуы қажеттігін атап өтіп, алдағы жоспарлармен бөлісті.

Құнды пікір алмасу барысында, ең алдымен, жастар тәрбиесіне ерекше назар аударылды. Аудан әкімінің айтуынша, қазіргі кезеңде ардагерлердің өмірлік тәжірибесі мен дағдылары жастарға патриотизм мен азаматтық жауапкершілікті ұғындыруда маңызды құрал болуы тиіс. Сонымен қатар, олар өздерінің өткен өмір жолдарынан алған сабақтарымен жас ұрпақты тәрбиелеуде үлкен рөл атқара алады. Ауған соғысы ардагерлерінің жастармен тікелей жұмыс істеп, қоғамның рухани және моральдық құндылықтарын насихаттауы аса маңызды.

Кездесуде, сондай-ақ, ел Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың Жолдауынан туындайтын міндеттер мен мемлекеттік саясатты жүзеге асыруда ардагерлердің белсенді қатысуы туралы да сөз болды. Қайыржан Серікбайұлы ардагерлерді тек соғыс ардагерлері ретінде ғана емес, елдің дамуына белсенді түрде үлес қосып келе жатқан азаматтар ретінде қарастыру керектігін ерекше атап өтті. Оның айтуынша, ардагерлердің қоғамдағы рөлі өте зор, олар елдің саяси және әлеуметтік өміріне ықпал ете отырып, мемлекеттің ішкі саясатын жетілдіруге бағытталған баста-

маларды қолдай алады.

Іле ауданында бүгінгі таңда 225 ауған соғысы ардагері тұрады. Олардың әрқайсысы – тек тарихи оқиғалардың куәгері ғана емес, сонымен қатар ел дамуының маңызды күштерінің бірі.

Осы орайда, аудан басшысы ардагерлердің азаматтық міндеттерін орындаудағы ұмтылыстарын жоғары бағалады және оларды қоғамның белсенді мүшелері ретінде одан әрі қолдау қажеттігін айтты. Аудан әкімі өз сөзінде «Ардагерлеріміздің тәжірибесі бізге өте маңызды. Олар тек өткеннің тарихы емес, олардың рухы мен өрлігі бүгінгі ұрпақ үшін маңызды үлгі болып табылады», - деп атап өтті.

Жалпы, кездесуде айтылған ойлар мен ұсыныстар ауданның қоғамдық өмірін одан әрі жақсартуға бағытталған. Қайыржан Жақсымбетов ардагерлермен бірлесіп жұмыс істей отырып, олардың қоғамға қосар үлесін арттыру үшін тиісті шараларды қабылдауға уәде берді. Аудан әкімінің айтуынша, ардагерлердің бастамаларын қолдау, олардың қоғамдағы мәртебесін көтеру – бұл тек аудан үшін ғана емес, бүкіл ел үшін маңызды мәселе.

Кездесу барысында көтерілген мәселелердің нәтижесінде бірқатар нақты ұсыныстар мен жоспарлар әзірленіп, ардагерлермен бірлескен жұмыс жоспары жасалмақ. Аудан басшысы бұл шаралардың қоғамдағы тыныштықты сақтау, ұлттық бірлікті нығайту және жастардың патриоттық сезімін арттыру бағытында маңызды қадам болатынын атап өтті.

Ардагерлердің белсенді қатысуы мен олардың тәжірибесіне сүйене отырып, Іле ауданы алдағы уақытта көптеген әлеуметтік және мәдени жобаларды жүзеге асыруды жоспарлап отыр. Бұл қадам ауданның тұрақты дамуын қамтамасыз етіп, оның тұрғындарының әл-ауқатын арттыруға септігін тигізеді.

Өз тілшіміз

Алматы облысы, Алатау қаласы, Жетіген ықшам ауданында Айназаровтар отбасында 24 желтоқсан күні үшем дүниеге келді. Өнірде үшемдердің тууы туралы дерек соңғы екі жылда тіркелмейтін. Ата-анасы сәбилеріне Айару (1915 кг), Айлин (2010 кг), Айкеркем (2300 кг) деген есімдер берді.

Үшемдердің анасы Айназар Көміле Серікқызы бұған дейін үш құрсақ көтеріп, үш қызға жарық дүниеге сыйлаған.

екесі жұмысынан ерте келіп, бала бағуға көмектеседі. Іле ауданының перзентханасының ұжымына босандырып алғаны, үш қызымды да дүниеге аман-сау әкелуіме себепкер болғаны үшін шексіз ризашылығымызды білдіреміз. Мұнда өз ісінің мамандары еңбек етеді, – дейді бақыттан балбұл жанған үшемнің анасы.

Бұл сүйіншіге Алатау қаласының әкімдігі де қарап қалмады. Үшемнің үйіне барып, Айназаровтар отбасының жал-аху-

АЛАТАУ ҚАЛАСЫНДА АЛҒАШҚЫ ҮШЕМ ДҮНИЕГЕ КЕЛДІ



Енді отбасын тағы да үш қыз толықтырып, бірден көпбалалы ата-аналар қатарына қосылып отыр. «Анасы мен нәрестелердің жағдайы қалыпты. Жүктілік жіті бақылауда болды. Қазағымыз көбейсін. Біздің ұжым да қуанып отыр», - деп мәлімдеді Іле аудандық перзентхананың меңгерушісі Гауһар Ақанқызы.

Нәрестелердің анасы Жетіген ықшам ауданында №11 орта мектепте ұстаз болып қызмет атқарса, әкесі Жетіген станциясында логистикалық орталықта еңбек етеді.

– Жұбайым үйде сәбилерін қуанып күтіп алды. Біз нәрестелерді бағып-қағу қиындығынан қорықпаймыз. Бұл өміріміздегі ең гажайып кезеңнің бірі болғалы тұр. Сондықтан, балалардың

алымен танысты. Қазірше баспана беру жағдайы толық қарастырылмағанымен келешекте бой көтеретін тұрғын үйлерден алғашқы болып пәтер алатынына сендірді. Облыстық мәслихаттың депутаты Нұрлан Түймелиев те бірге барып, үшем отыратын арба сыйлап, сәбилерге керек-жарақтарын сыйға тартты.

Нұрлан Лесулы «Үшемнің дүниеге келуі біздің қаламыз үшін бақытты оқиға болды. Сіздің үлкен және тату отбасыңыздың барлық мүшелеріне зор денсаулық, амандық және үлкен бақыт тілеймін. Балаларыңыз дені сау, қабілетті болып өсіп, еліміздің лайықты азаматтары болсын!» - деп Айназаровтар отбасынан ақ тілегін білдірді.

Бағдам ШОЙБАС

21-22 қаңтар күні күннің күрт жылуына байланысты қар суының көптігінен Іле және Қарасай аудандарының шекарасын қиып өтетін Жармұхмет су арнасының деңгейі күрт өсті.

ДЕСАНТШЫЛАР АУЫЛДЫ СУ БАСУЫНА ЖОЛ БЕРМЕДІ

Соның салдарынан Жармұхмет ауылымен қатар Іле ауданының біршама аймағы қар суы басу қаупіне ұшырады. Су тасқынының алдын алу шаралары бойынша ауыл тұрғындарына Алматы облыстық Қонаев десанттық-шабуылдау әскерлерінің әскери қызметшілері көмекке келді. Қарасай ауданына қарасты Жармұхмет ауылында шамамен 10 000 адам тұрады. Өткен аптада ауа-райы жылы болды және өзендегі су деңгейі айтарлықтай көтерілді. Кей жерлерде Іле



ауданына қарасты тұрғын үйлердің аулапарын толтыра бастады. Іле ауданының әкімі Қайыржан Жақсымбетов өткізген шұғыл кеңестен кейін Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің десанттық-шабуылдау әскерлері қолбасшысының көмегіне жүгіну туралы шешім қабылданды. «Генерал-майор Алмаз Жұмакеев ауыл тұрғындарына өзеннің жағалау сызығын нығайту жұмыстарын жүргізу үшін 43 десанттық-әскери қызметшіні көмекке жіберді. Сарбаздардың жылдам көмегінің нәтижесінде ағынды су қарқыны тез ауыздықталды. Жармұхмет ауылының тұрғындары көмек көрсеткені үшін әскерлерге шын жүректен алғыстарын білдіреді», - деді аудан әкімінің орынбасары Алмас Бөкенаев.

Айта кетейік, дәл осы екі күндік жұмыс барысында тұрғын үй алаптарын су басуға жол бермеу мақсатында 800 метрден астам су бөгеге құрылыстары жүргізіліп, 2500-ден астам құм салынған қапшықтар теселді.

Құдайберген ҚОЙТАН